

А.П. Мыңбаева^{1*} , Г.Г. Ибрагимов¹ ,
Ж.Д. Абдуллаева² , А.С. Нуржанова³ 

¹Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

²«Ташенев» университеті, Шымкент, Қазақстан

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com

ШЕШЕН СӨЗДІҢ ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Мақалада авторлар шешен сөздің түрлерін қазіргі білім беру үдерісінде оқытудың тиімділігін қарастырып, жас ерекшелігіне сәйкес білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпалын теориялық тұрғыдан негіздейді. Зерттеуде риториканы оқыту, шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру және жас ерекшелік психологиясы бағытындағы тұжырымдар сабақ мазмұнын құрастыру мен тапсырмалар жүйесін таңдаудың әдіснамалық тірегі ретінде алынады. Шығармашылық ойлауды дамытудың тетіктері (ойлау икемділігі, дәлелдеу мәдениеті, интерпретация, тілдік тұлғаның өзіндік «үнін» қалыптастыру) сипатталып, аталған дағдылардың жетілуіне ықпал ететін практикалық жаттығулар жүйесі ұсынылады.

Шешен сөздің түрлеріне қатысты сабақтың теориялық бөлігі А. Байтұрсынұлы мен М. Ахетов еңбектеріндегі риторика мен сөз мәдениетіне қатысты қағидаларға сүйенеді. Практикалық бөлімде риторикалық мәтіндерді талдау, байымдама (эссе) жазу, шешен сөз құрастыруға машықтану, мақал-мәтелге қатысты жеке көзқарасты дәлелді түрде баяндау сияқты тапсырмалар қамтылған. Авторлар ұсынылған тапсырмалар білім алушылардың аналитикалық және сыни ойлауымен қатар, шығармашылық ойлауын дамытуға жағдай жасайтынын, сондай-ақ пікір айту мәдениеті, жауапкершілік, коммуникативтік әдеп, ұлттық-танымдық бағдар сияқты құндылықтарды нығайтуға ықпал ететінін уәждейді.

Іс-әрекетті зерттеу (action research) әдіснамасына сәйкес жалпы білім беретін мектеп жағдайында жүргізілген эксперименттің нәтижелері диаграммалар мен кестелер арқылы беріледі. Зерттеу деректері сабақтардың оқушылар бойында қажетті дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпалын көрсетіп, әдістемелік ұсыныстардың қолданбалылығын негіздейді. Мақала қорытындысында шешен сөзді оқытудың мазмұнын жас ерекшелік деңгейіне сай саралау, тапсырмаларды күрделендірудің сатылы үлгісі және нәтижені бағалау көрсеткіштері бойынша практикалық ұсыныстар беріліп, бұл тәсілдің оқу үдерісіне енгізілу мүмкіндігі айқындалады.

Түйін сөздер: шешендік өнер, шешен сөздің түрлері, мақалдар, жеткіншек, сыни ойлау, шығармашылық ойлау, шығармашылық.

A.P. Mynbaeva^{1*}, G.G. Ibragimov¹,
Zh.D. Abdullaeva², A.S. Nurzhanova³

¹O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

²Tashenev University, Shymkent, Kazakhstan

³S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com

Methods for Developing Students' Creative Thinking through Teaching the Types of Public Speaking

The article examines the effectiveness of teaching types of oratorical speech in contemporary education and provides a theoretical rationale for its positive impact on the development of learners' creative potential with regard to age-related characteristics. Methodologically, the study draws on principles of rhetorical pedagogy, approaches to fostering creative-thinking skills, and insights from developmental psychology, which inform both content selection and task design. The paper outlines key mechanisms of creative thinking development – cognitive flexibility, a culture of argumentation, interpretive skills, and the formation of an individual “voice” as part of one’s linguistic personality and proposes a set of targeted exercises to support these competencies.

The theoretical component of the lesson is grounded in the ideas of A. Baitursynuly and M. Akhetov concerning rhetoric and speech culture. The practical component includes the analysis of rhetorical texts, the writing of argumentative essays, training in composing oratorical speeches, and presenting a reasoned personal stance on proverbs. The authors argue that these tasks create conditions for developing analytical and critical thinking alongside creativity and contribute to strengthening adolescents' value orientations, such as responsible self-expression, communicative etiquette, and a culturally informed perspective.

Following an action-research framework, an experiment conducted in a general education school is reported using diagrams and tables. The findings indicate that the proposed lessons facilitate the formation of relevant skills and values and confirm the applied value of the suggested methodological solutions. The conclusion offers practical recommendations for age-appropriate differentiation of instructional content, a staged model for increasing task complexity, and criteria for assessing outcomes, thereby outlining the possibilities for implementing this approach in educational practice.

Keywords: the art of rhetoric, types of public speaking, proverbs, adolescence, analytical thinking, critical thinking, creative thinking, creativity.

А.П. Мынбаева^{1*}, Г.Г. Ибрагимов¹,
Ж.Д. Абдуллаева², А.С. Нуржанова³

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан

²Университет имени Ташенева, Шымкент, Казахстан

³Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

*e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com

Методы развития навыков творческого мышления учащихся на основе обучения видам ораторской речи

В статье рассматривается эффективность обучения видам ораторской речи в современном образовательном процессе и теоретически обосновывается его положительное влияние на развитие творческого потенциала обучающихся с учетом возрастных особенностей. В исследовании положения риторической педагогики, подходы к формированию навыков творческого мышления и идеи возрастной психологии выступают методологической основой отбора содержания и конструирования системы заданий. Описываются механизмы развития творческого мышления (гибкость мыслительных операций, культура аргументации, интерпретация, формирование индивидуального «голоса» языковой личности) и предлагается комплекс упражнений, способствующих их целенаправленному совершенствованию.

Теоретическая часть занятия, посвященного видам ораторской речи, опирается на положения А. Байтурсынулы и М. Ахетова, связанные с риторикой и культурой речи. Практический блок включает анализ риторических текстов, написание рассуждения (эссе), формирование навыков создания ораторского выступления, а также аргументированное изложение собственной позиции по поводу пословиц и поговорок. Авторы обосновывают, что предложенные задания создают условия для развития аналитического и критического мышления наряду с творческим мышлением, а также способствуют укреплению ценностных ориентиров подростков (культуры выражения мнения, ответственности, коммуникативного этикета, национально-познавательной направленности).

В соответствии с методологией исследования в действии (action research) эксперимент, проведенный в условиях общеобразовательной школы, представлен через диаграммы и таблицы. Полученные данные демонстрируют влияние разработанных занятий на формирование необходимых навыков и ценностей у учащихся и подтверждают прикладную значимость предложенных методических решений. В заключении сформулированы практические рекомендации по дифференциации содержания обучения в зависимости от возраста, поэтапной модели усложнения заданий, а также по показателям оценивания результатов, что определяет возможности внедрения данного подхода в образовательную практику.

Ключевые слова: риторическое искусство, виды ораторской речи, пословицы, подростковый возраст, критическое мышление, творческое мышление, креативность.

Кіріспе

Қазіргі жаһандық бәсекелестік жағдайында еліміздегі білім алушылардың шығармашылығын бағамдап, шығармашылық ойлау дағдысын

дамыту маңызды болып отыр. Өйткені А.Байтурсынулы мен М. Көпейұлы тілге тиек еткен адам қолынан келетін нәрселер, яғни өнердің тірек және көрнек түрлері шығармашылықты қажет ететіні сөзсіз (Байтурсынулы, 2003: 6; Ахетов,

2024: 60). 2025-2026 оқу жылында ҚР жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік-нұсқау хатта да «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттілігі мен қызығушылықтарына сәйкес шығармашылық ойлауды дамыту мен пайдалану, мектептегі оқыту мен тәрбиенің тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында «Адал азамат» бағдарламасы аясында жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын кіріктіру негізінде жүзеге асыру көзделеді (Әдістемелік-нұсқау хат, 2025: 23-25).

Білім алушылардың шығармашылық ойлау дағдысын дамытуда олардың жеткіншектік кезеңі шешуші рөлді атқарады. Өйткені ересек өмірге қадам басқалы тұрған 13-16 жас аралығындағы жеткіншектер:

- көбіне достарымен қарым-қатынас жасайды;
- өзін де, өзгелерді де зерттейді;
- өзін іздейді: қоғамдағы өз орнын, қызметін тапқысы келеді;
- терең ойлайды: философиялық ойлауға бет бұрады;
- абстрактілі, ғылыми ойлауға көшеді: болжам жасайды; болжамын тексереді, тұжырымдайды;
- басқалардың талқысын, мотивтері мен идеалдарын қабылдайды (Ибрагимов, Мынбаева, Сапарбаева, 2025: 63-64).

Жеткіншектер де өз бетінше шығармашылыққа ұмтылатыны даусыз. Өйткені жеткіншектік кезеңде шығармашылық жеке тұлғаның бірегейлігін, өзін-өзі көрсету амалы ретінде қызмет етеді (Kaufman & Sternberg, 2019: 72). Алайда басқалардың талқысын қабылдайтын жеткіншектерге дұрыс бағытқа бағдарлау да қажет. Сол себепті білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай тақырыпты таңдап, шығармашылығын дамытатын бағытты анықтау маңызды болмақ.

Оқушылардың шығармашылығын дамытудың бір жолы – шешендік өнерді оқыту. Қиыннан қиыстыра қисынын тауып, шебер сөйлеп, тыңдарманды нандырудың сан түрлі әдістері жинақталған құнды қазынасы болғандықтан, әділ сөздерге негізделген шығармашылық сипатымен дараланғандықтан (Көшекова, 2015: 95), шешендік өнер теориясы, шешендік сөз үлгілері білім алушылардың шығармашылық ойлауының дамуына оң әсерін тигізеді (Ибрагимов, Мынбаева, Сапарбаева, 2024: 76). Өйткені шешендік сөз – ғылым мен өнердің тоғысуынан туған

шығармашылық құбылыс (Шормақова, 2013: 9). Кемеліне келген шешендер қандай болса да айтыс-тартысқа, даудың шешімін айтуға қашан да дайын болған (Дәдебаев, 2016: 67). Шешендік өнер теориясы білім алушыға атақты би-шешендердің шығармашылығына үлгі, мысал келтіріп, сыни, шығармашылық ойлаудың жоғары деңгейін көрсетеді.

Сонымен қатар, шешендік өнер білім алушылардың тәрбиесіне де оң әсер ететін қомақты үлесін қоса алады. Себебі қазақтың шешендік өнері – шешен-билердің халық жадында сақталып келген дана ойлары келешек ұрпақ үшін тәрбие-өнер мектебі болған (Көшекова, 2015: 95), құндылықтардың алтын қоры, жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты ажырата білудің, жағымды қасиеттер мен жағымсыз қасиеттерді айыра алудың мәдениеті саналады (Malikova, Imanzhusyp, Rakimzanova, 2023: 212-213). Өйткені би-шешендер өз өнерімен жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің, шын мен өтіріктің арасын аша алған (Дәдебаев, 2016: 21).

Шешендік өнер теориясы, шешен сөздер негізінде білім алушылардың шығармашылығын дамытудың бір жолы ақыл-кеңес сөзін жазуға жаттықтыру болса (Ибрагимов, Мынбаева, Сапарбаева, 2024), тағы бір жолы А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» баяндаған шешен сөздің түрлерімен 8-9-сыныпта оқитын білім алушыларды таныстырып, саналы түрде күнделікті өмірінде қолдануға бағыттау болмақ.

Материалдар мен әдістер

А. Байтұрсынұлы шешен сөзді байымдама түріне жатқызады да, бес түрлі болатынын көрсетеді: саясат шешен сөзі, билік шешен сөзі, қошамет шешен сөзі, білім шешен сөзі және уағыз (2003: 101). А. Байтұрсынұлы тұжырымдарын жан-жақты зерттеп, «Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика» атты үш томдық еңбегін жазған М. Ахетов бір томын шешен сөздің жоғарыда аталған бес түріне арнайды да, билік шешен сөзін заман талабына қарай «соттағы шешен сөз» деп өзгертуді ұсынады, өйткені «билік» сөзі құқықтың мәнінен ажырап, үкімет, мемлекетті басқару органы мағынасына ойысып кетті (2024: 274).

Шешен сөздің түрлерін оқыту негізінде білім алушылардың шығармашылығын дамыту жайлы сөз қозғалғанда, екі сұраққа жауап беру қажеттілігі туындайды.

1. Неге жеткіншектер шешен сөздің түрлерін білуі қажет?

2. Шешен сөздің түрлерін оқыту негізінде білім алушылардың шығармашылығын дамытуға бола ма?

Шешен сөздің түрлері қоғам үшін маңызды болатын саясатты, қоғамдағы жеке тұлға үшін керекті болатын тәлім-тәрбиені, заңды, қарым-қатынасты, діни көзқарасты жүйелі түрде түсіндіреді. Ересек өмірге қадам басқалы тұрған жеткіншектер үшін бұл тақырыптар өте маңызды. Өйткені философиялық ойлауға бет бұрған жеткіншектерді «Адам қандай болуға тиіс?», «Қоғам қандай болуы қажет?» сияқты сұрақтар мазалайтыны айқын (Ибрагимов, Мыңбаева, Сапарбаева, 2025).

Шешен сөздің түрлері білім алушыларға қажетті тақырып бойынша тиісті білім беріп қана қоймай, Абайдың «Жүректі кісі» тұжырымдамасы аясында тәрбиелеумен қатар, олардың шығармашылығын дамытуға оң ықпал етеді. Шешендік өнер теориясының бір мақсаты да білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін дамыту болып саналады.

Дәстүрлі бағдарламалар бойынша дайындалған жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбына арналған оқулықтарында шешендік сөздің бес тегі мен түрлері жайында мәлімет берілген. Қоғамдық-гуманитарлық бағытта шешендік сөздің әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөз, әлеуметтік-саяси шешендік, академиялық шешендік сөз, соттағы шешендік сөз, діни (уағыз) шешендік сөз жайында сөз қозғалып, тақырыптарға қатысты тиісті тапсырмалар орындауға ұсынылған (Дәулетбекова, Рай, Есмағанбетова, 2011). Ал жаратылыстану-математика бағытында шешендік сөздер мазмұнына, тақырыбына қарай қазіргі шешендік түрлері ретінде білім-ғылымдық мазмұнды, әлеуметтік-саяси мазмұнды, әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды, діни мазмұнды, сотта қолданылатын сөздер деп бөлінген (Қосымова, 2011).

Ал жаңартылған бағдарлама бойынша дайындалған оқулықтарда шешендік сөздің мазмұнына қарай түрлері шағын грамматикалық материал ретінде ғана ұсынылған (Қапалбек, Ерхожина, Жолшаева, 2020). Үлгілік оқу бағдарламаларының өзінде шешендік сөзге қатысты оқу мақсаттары көрсетілмеген. 9-сынып бойынша қолданылған тілдік құралдар арқылы стильмен қатар, шешендік сөздің түрлерін анықтауға қатысты оқу мақсаты белгіленген.

Біріншіден, А.Байтұрсынұлы тілге тиек еткен шешен сөздің түрлері орта сыныптарда оқытылғаны дұрыс. Өйткені білім алушылардың шығармашылығы, шығармашылық ойлауы дамуы үшін шешендік өнер теориясын олардың жеткіншектік кезеңінен бастап оқыту қажет.

Екіншіден, 10-11-сыныптарда білім алушылар болашақ маман болу жолында таңдаған мамандығына қатысты бейінді пәндерді тереңірек игеруге көңіл бөледі. Сондықтан жалпы білім беретін мектептің 8-9-сынып оқушыларына арналған «Шешендік өнер және шығармашылық ойлау» бағдарламасы аясында шешен сөздің түрлеріне қатысты сабақтар дайындалды. Әр сабақ төрт бөліктен тұрады: кіріспе сұрақтар, теориялық сабақ, риторикалық жаттығулар және қорытынды сұрақтар. Кіріспе сұрақтар жаңа тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмаларды қамтыса, теориялық сабақ тірек сөздерге байланысты тұжырымдардан тұрады. Риторикалық жаттығулар білім алушылардың теориялық сабақта алған білімдерін қолдана алуына септігін тигізсе, қорытынды сұрақтар білім алушылардың жаңа тақырыпқа қатысты алған білімдерінің деңгейін бағамдауды көздейді.

Сабақтың теориялық бөлігі А. Байтұрсынұлы, М. Ахетов тұжырымдары негізінде әзірленді. Әр сабақ бірнеше тірек сөзді қамтитын тұжырымдардан тұрады. Мысалы, «Саясат шешен сөзі» тақырыбына қатысты мынадай тірек сөздер қамтылды: саясат шешен сөзі, тарих, хандар мен би-шешендер, мақсат пен міндеттер, ерекшелік, ерлік. Әр тірек сөзге қатысты тұжырым баяндалған соң, білім алушылар бір сұраққа жауап береді немесе бір тапсырма орындайды. Қошамет шешен сөзіне байланысты тұжырымға мысал мынадай: «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын. Біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі қошемет шешен сөзі деп аталады (А. Байтұрсынұлы). Қошемет шешен сөздерге шешендік сәлем, бата, шешендік арнау, мадақ сөздер, салтанатты жиындардағы (тұсаукесер, марапаттау рәсімдері, мерейтойлар) тілек сөздер, құттықтау сөздер, қаралы жиындағы көңіл айту, қоштасу, жұбату, жоқтау сөздері жатады (М. Ахетов)». Әрі қарай білім алушылар мына бір сұраққа жауап береді: «Қошемет шешен сөзін сөйлеудегі мақсат – не?»

Сабақтың практикалық бөлігінде білім алушылар төмендегідей риторикалық жаттығулар орындайды:

- риторикалық мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді, өз шешімін ұсынады;
- риторикалық мәтінді кестеге сәйкес талдайды (шешен сөздің түрі, мазмұны, міндеті, ерекшелігі);
- бір мақалды таңдап, мақалда көрініс тапқан тұжырыммен келісетінін немесе келіспейтінін

баяндайды, себебін түсіндіреді, өмірмен немесе ағымдағы тақырыппен байланыстыра мысал, дәлел келтіреді;

- сұрақтарға жауап бере отырып, белгілі бір тақырыпқа байымдама жазады;
- шешен сөздің қыздырма (қоздырма) бөлігін жазады (1-сурет).

1-сурет

Оқушылардың шығармашылығын дамытуға арналған жаттығулар кешені



Ескерту: Сурет авторлар тарапынан жасалды.

Сабақтың практикалық бөлігі білім алушылардың шығармашылық ойлау дағдысымен бірге аналитикалық, сыни ойлау дағдыларын дамытуды көздейтін бірнеше жаттығуды қамтиды. «Саясат шешен сөзі» тақырыбы бойынша білім алушылар риторикалық мәтіндерді талдаса, «Қошамет шешен сөзінде» білім алушылар риторикалық мәтіндерді талдап қана қоймай, сұрақтарға жауап беру арқылы мадақ сөз дайындауға машықтанады. «Білімір шешен сөзінде» берілген мақалдардың бірін таңдап, мақалда көрініс тапқан көзқарасты талқылайды, тиісті тақырып бойынша, алдымен, байымдама мәтінін, кейіннен, шешен сөздің қыздырма бөлігін жазады. «Соттағы шешен сөз», «Уағыз» сабақтарында мақалға қатысты өз ойын білдірумен қатар, риторикалық мәтіндерге қатысты ашық сұрақтарға жауап береді. Бұл тапсырмалардың барлығы дерлік білім алушылардың шығармашылығын дамытуға арналған.

Жоғарыдағы кестеден байқалып тұрғандай, алдыңғы екі сабақтың практикалық бөлігінде білім алушылар риторикалық мәтінді талдайды. «Саясат шешен сөзі», «Қошамет шешен сөзі» сабақтарында бес риторикалық мәтінді оқып шығады. Мәтінді оқып шыққан соң, білім алушылар үлгі бойынша:

- шешен сөздің түрін анықтайды;
- мазмұны бойынша шағын аңдатпа жазады;
- саясат шешен сөзі болса, міндетін айқындайды;
- қошамет шешен сөзі болса, мақсатын айқындайды;
- шешен сөздің ерекшелігін (ойдың жеткізілуі, мақал қолданылуы, көріктеу құралы, айшықтау амалы).

«Білімір шешен сөзі», «Соттағы шешен сөз», «Уағыз» тақырыбындағы сабақтардың практикалық бөлігінде мақалдарды талқылауға қатысты риторикалық жаттығулар берілді. Өйт-

кені мақал, А.Байтұрсынұлы тұжырымдағандай, тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады (Байтұрсынұлы, 2003: 130). Десе де, мақалдарды би-шешендер қолданып қана қоймай, сынағанын да айта кеткен жөн. Мысалы, Байдалы шешен бір молда «Ағасы бардың жағасы бар; інісі бардың тынысы бар; баласы бардың панасы бар» деп айтқан мақалды, ағаны жақсы-жаманға бөле отырып сынайды (1-кесте):

1-кесте

Байдалы шешен тұжырымы

Жақсы болса	Жаман болса
Ағасы бардың, жақсы болса, жағасы бар.	Жаман болса, інісіне жабар жаласы бар.
Інісі бардың, жақсы болса, тынысы бар.	Жаман болса, ағасына берер жұмысы бар.
Баласы бардың, жақсы болса, панасы бар.	Жаман болса, Құдайдың берген пәлесі бар. (Адамбаев, 2014: 30)

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Ал Бөлтірік шешен мақалды сөздің көркі санаса да, шәкірттерінің «Тәні саудың жаны сау болмай ма?» деп айтқан уәжіне, тәні саудың жаны сау бола бермейтінін, тәні де, жаны да сау болу сирек кездесетін қасиет екенін баяндай келе, кісі жанын аздыратын күншілдік, кекшілдік, астамшылық, сараңдық, қараулық, бәлекорлық, ынсапсыздық деген дерттер болатынын түсіндіреді (Төрәкүл, 2006: 345-345). Абай Құнанбайұлы да бір өлеңінде босқа мақалдап сөйлеуді ұнатпайтынын айтса (Құнанбайұлы, 2020а: 83), «Бесінші сөзінде», «Алтыншы сөзінде» Байдалы, Бөлтірік шешендердей мақалдарды сынап, «Отыз жетінші сөзінде» өзінің бүгінде кейбірі мақалға айналған ділмәр сөздерін ұсынады (Құнанбайұлы, 2020b).

Солайша, «Мақалдар» айдары бойынша оқушылар:

- мақал құрамында қалып қойған сөзді анықтайды;
- тізімдегі мақалдардың бірін таңдайды;
- таңдаған мақалдағы оймен келісетінін немесе келіспейтінін айтады;
- келісу-келіспеу себебін түсіндіріп, дәлелдейді;
- өмірмен немесе тиісті тақырыппен байланыстыра мысал келтіріп көреді.

«Соттағы шешен сөз», «Уағыз» сабақтарында берілген практикалық тапсырмалардың басым бөлігі ашық сұрақтардан тұрады. Сабақтың теориялық бөлігінде білім алушылар жабық сұрақтарға жауап берсе немесе дұрыс нұсқаларды сәйкестендірсе, не болмаса сөйлемді толықтырса, практикалық бөлігінде білім алушылардың шығармашылық ойлау дағдысын дамытуға бағытталған ашық сұрақтарға ауызша не жазбаша түрде жауап қайырады.

Білім алушыларға мақсатты түрде қойылған ашық сұрақтар олардың шығармашылық, сыни, аналитикалық сияқты ойлау дағдыларының дамуына оң әсерін тигізеді (Kampylis & Berki, 2014: 12). Мұндай сұрақтарды «Сократ сұрақтары» деп те атайды. Сократша сұрақ қою кез келген пәнді үйрету немесе үйрену үшін өте маңызды (Barnes & Payette, 2017). Сұрақ қоюдың бұл түрін қолданудағы мақсат – күрделі идеяларды зерттеу, ақиқатты анықтау, мәселелерді айқындау, тұжырымдарды талдау, белгіліні белгісізден ажырату, қисынды бағамдау (Paul & Elder, 2019). Абай Құнанбайұлы «Жиырма жетінші сөзінде» (Сократ хакімінің сөзінде) де Сократ сұрақтарын байқауға болады (Құнанбайұлы, 2020b: 127-130). Шешен сөздің түрлері тақырыбындағы сабақтарда алдымен мынадай қарапайым сұрақтар қойылса:

1. Екі ел арасында даудың қандай түрі туындады?
2. Билік айтқан төбе би кім болып тұр?
3. Бидің билігіне кім риза болды?

Бұдан соң білім алушыларды би-шешеннің шешімін бағалауға, өз шешімін ұсынуға бағыттайтын сұрақтар қойылды:

1. Бидің билігін әділ санауға бола ма? Не үшін?
2. Әйтеке би шешімін тапқан даудың сіз қандай шешімін ұсынатын едіңіз?

Шешендік өнер – сөз өнерінің ауызша түрі (Мамай Ахетов). Сәйкесінше шешен сөз ауызша жеткізілген пайымдау мәтіні (байымдама) болып саналады (Байтұрсынұлы, 2003: 102). Шешен сөздің пайымдау мәтінінен айырмашылығы тыңдарманның ақылын қанағаттандырумен бірге жүрек жағына әсер етуінде (Байтұрсынұлы, 2003: 101).

Сондықтан да шешен сөздің құрылымын түсінуден бұрын, білім алушылар байымдаманың, яғни эссенің құрылымын меңгеруі қажет. Бұл қажеттілікті шешен сөз бен байымдаманың құрылымын салыстыру арқылы байқауға болады (2-кесте):

2-кесте

Байымдама және шешен сөз

Байымдама	Шешен сөз
Бастама	Бастама
Ұсынба	Ұсынба
Баяндама	Мазмұндама Қыздырма (қоздырма)
Қорытпа (Байтұрсынұлы, 2003: 96)	Қорытпа (Байтұрсынұлы, 2003: 101)

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Кесте бойынша, шешен сөз байымдамадан қыздырма яки қоздырма бөлігінің болуымен ерекшеленеді. Ал қазіргі кездің шығармашылық жұмысы саналатын эссе байымдаманың дәл өзі десе болады, өйткені эссе де мазмұндас төрт бөліктен құралады (3-кесте):

3-кесте

Байымдама және эссе

Байымдама	Эссе
Бастама	Кіріспе
Ұсынба	Тезис
Баяндама	Негізгі бөлім
Қорытпа (Байтұрсынұлы, 2003: 96)	Қорытынды бөлім (Серикова, 2017)

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Байымдама мен эссенің құрылымы бірдей болғандықтан, білім алушылар шешен сөздің құрылымын, ерекшелігін, түрлерін меңгеру арқылы айтылым дағдыларымен қатар, олардың шығармашылық жұмысты жазуға қажет дағдыларының дамуы нәтиже ретінде күтілмек. Білім алушылар «Білімір шешен сөзі» тақырыбымен танысу барысында сабақтың практикалық бөлігінде «Мен таңдаған мамандық» тақырыбына байымдама, яғни эссе жазады. Бұл тақырыпты таңдаудың себебі мынадай: білім алушы жеткіншек болғандықтан, ол философиялық ойлауға бет бұрады, терең ойлайды, өзі үшін маңызды болған тақырыптың тереңіне бойлайды, өйткені оны «Мен кімін?», «Қоғам қандай болуы қа-

жет?» сияқты сұрақтар мазалап, сол сұрақтарға жауап табуға тырысып бағады.

Мамандық тақырыбына байымдама жазу жеткіншекке қазіргі күнде қоғамдағы орнын белгілейтін мамандықты анықтап алуға бағыттайтыны даусыз. Бұл – бір. Екіншіден, байымдама жазған соң, таңдаған мамандығының артықшылықтарын айта отырып, таңдалған мамандықтың маңыздылығына тыңдарманның көзін жеткізу жайында ойланады, ойын баяндайды. Солайша, білім алушы тәжірибесінде қыздырма бөлігі қосылған байымдама шешен сөз болып шыға келеді.

Тиісті тақырып бойынша білім алушылар байымдаманы ашық сұрақтарға жауап беру арқылы жазады. Байымдама жазу барысында ашық сұрақтар білім алушыға тақырыпты жан-жақты ашуға, өз ойын нақтылап жеткізуге, бір ойды қайталамауға көмектеседі. «Мен таңдаған мамандық» тақырыбына төмендегідей ашық сұрақтар ұсынылды:

1. Сіз қандай мамандықты таңдамақсыз?
2. Не үшін таңдайсыз?
3. Сіз таңдаған мамандықтың артықшылығы неде?
4. Сіз таңдаған мамандықтың қандай қиындықтары болуы мүмкін?
5. Сіз таңдаған мамандықтың орнына қандай мамандық таңдауға болады? Не үшін?

Оқушылар «Мақалдар» айдарындағы мақалдарды қолданып, байымдаманың кіріспесін бастап, немесе қорытындысын түйіндеуі мүмкін.

Зерттеудің эксперимент бөлігі Action Research, яғни іс-әрекетті зерттеу әдіснамасына сәйкес жүргізіледі. Бұл әдіснаманың төрт қадамы бар. Біріншісі мәселені анықтау (рефлексия) болса, екіншісі – мәселені шешу мақсатында іс жоспарын құру, үшіншісі – әрекет ету (жоспарды жүргізу), ал төртіншісі – мониторинг жүргізу. Зерттеу әдіснамасы сандық және сапалық әдістерінің құралдарын қамтиды.


Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу эксперименті Түркістан облысындағы №13 А. Науаи атындағы жалпы білім беретін мектепте жүргізілді. Экспериментке аталған мектептің 20 оқушысы тартылды. Іс-әрекетті зерттеу әдіснамасына сәйкес түрде оқушылардың шешендік өнер теориясы бойынша білімдері кіріспе сұрақтар негізінде тексеріліп, орташа балл – 5,5 екендігі анықталды. Бес тақырып бойынша (саясат шешен сөзі, қошемет шешен сөзі,

білімір шешен сөзі, соттағы шешен сөз, уағыз) сабақтар өткізіліп, білім алушылар қорытынды сұрақтарға жауап берген соң, орташа балл көр-

сеткіші 9 балл болғандығы айқындалды (2-сурет, 4-кесте). Кестеде көрсетілген нәтижелерді оң нәтиже ретінде санауға болады.

2-сурет
Нәтижелер



Ескерту: Сурет авторлар тарапынан жасалды.

4-кесте
T-Test Paired Two Sample for Means

	Before	After
Mean	5,6	9
Variance	9,8	7.5
Observations	19	19
Pearson Correlation	0.63	
Hypothesized Mean Difference	0	
Df	18	
t Stat	-4.9	
P(T<=t) one-tail	0.00007	
t Critical one-tail	1.7	
P(T<=t) two-tail	0.0001	
t Critical two-tail	2.1	

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Шешендік өнердің теориясы, оның ішінде шешен сөздің түрлері жалпы білім беретін мектептің 8-9-сыныптарында үйретілуі маңызды саналмақ. Өйткені жеткіншектік кезеңде жеке тұлғаның негізгі құндылығы анықталады әрі жеткіншектерді «Адам қандай болуға тиіс?», «Қоғам қандай болуы керек?» сияқты сұрақтар мазалай бастайды және бұл кезеңде білім алушының кәсібі, шығармашылық бағыты нақтыланады.

Э. Шпрангердің «Құндылығына қарай тұлғасы» тұжырымы негізінде Э.Штерн жеткіншектік

кезеңде қалыптаса бастайтын алты түрлі тұлғаны айқындайды. Бұл тұлғалар – экономикалық тұлға (үнемшілдік құндылығы), эстетикалық тұлға (әсемпаздық құндылығы), теоретик тұлға (байқампаздық құндылығы), әлеуметтік тұлға (көпшілдік құндылығы), саясатшыл тұлға (билікшілдік құндылығы), діндар тұлға (діншілдік құндылығы). Аталған құндылықтардың барлығы тұлға бойынан табылады да, бұл құндылықтардың бірі екіншісін тежейді немесе күшейте түседі. Десе де тек бір жетекші құндылық негізінде адамның өмір сүру бағыты анықталады (Ибрагимов, Мыңбаева, Сапарбаева, 2025a).

Э. Штерн баяндаған алты түрлі құндылықты дамытуға қажетті теориялық білімді шешен сөздің түрлері мүмкіндігінше қамтиды. Сәйкесінше бір құндылықты негізгі құндылық ретінде таңдағалы тұрған жеткіншек алты түрлі құндылыққа қажетті білімді шешен сөздің түрлерін үйрену барысында меңгереді. Бұл – бір.

Екіншіден, шешен сөздің түрлеріне байланысты өтілетін сабақтар «Адам қандай болуы керек?», «Қоғам қандай болуға тиіс?» сияқты философиялық сұрақтарға мейлінше жан-жақты жауап береді. Саясат шешен сөзі ел тұтасығын сақтау, ел мүддесін көздеу, екі жақты бітістіру секілді негізгі міндеттердің маңыздылығын баяндаса, қошемет шешен сөзі кез келген дәуірлестің әрекетін, мінезін, еңбегін лайықты әрі шынайы бағалаудың қажеттілігін түсіндіреді. Білімір шешен сөзі көненің көзі есептелетін тәлім-тәрбиені бойға сіңірмейінше, қазіргі кезеңнің талабы саналатын маңызды мамандықты терең меңгермейінше, бәсекелес елдерді басып

озуға болмайтынын байқатса, уағыз тақырыбына қатысты сабақтар уағыздың тіршіліктің мәні жайында үгіт-насихаттың негізі саналып, уағыз айтушы діни канондарға жетік болумен қатар, жергілікті халықтың салт-дәстүрін, тарихын, өнер мен мәдениетін білетін, нақтылы ғылымдардан да хабары бар, мемлекеттің заңын да ескеретін жан болу керектігін бағамдауға жетелейді. Ал соттағы шешен сөз әуелгі билердің, қазіргі кәсіби заңгер құзыретін түсіндірумен бірге, білім алушыға адамшылық пен әділеттілікті ең басты қасиет ретінде қашан да бағалауды пайымдатпақ. Сондықтан да шешен сөздің түрлері жайында білім алу жеткіншектер үшін өте маңызды болуы айқын.

Үшіншіден, шешен сөздің түрлеріне қатысты сабақтардың практикалық бөлігінде берілген риторикалық жаттығуларды орындату арқылы білім алушылардың аналитикалық, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға болады.

Бұл жаттығуларды құрастыруда білім алушылардың жас ерекшеліктерімен қатар, теорияның практикамен, өмірмен байланыстылығы, түсініктілік, саналылық, белсенділік, пәнаралық байланыс, жүйелілік, мотивация сияқты ұстанымдар ескерілді.

Білім алушылар жаттығуларды орындау арқылы риторикалық мәтіндерді талдайды, ашық сұрақтарға жауап береді, мақалдарға қатысты өз көзқарасын білдіреді, өмірмен, тақырыппен байланыстыра мысал келтіреді. Бұл жаттығулар оқушылардың шығармашылығын жан-жақты дамытады, өйткені риторикалық мәтіндер, мақалдар қисынды шешім, сыни, шығармашылық ойлаудың үлгісін, өмірлік тәжірибеден шыққан тұжырымды ұсынса, ашық сұрақтар оқушыларды өз көзқарасын білдіріп, қисынды шешімді, тұжырымды бағалауға, өз шешімін айтып, шешімнің деңгейін бағамдауға бағдарлайды.

3. Қабдолов өз еңбегінде шығармашылық ерекшелік қалыптасуына қатысты Гете айтуы бойынша үш кезеңді атап көрсетеді: өзінен бұрынғы үлгіге еліктеу кезеңі, өзгеден бөлегірек азын-шоғын мәнер, машық табу кезеңі, өзінен басқа ешкімге ұқсамайтын шығармашылықтың шыңы саналатын кезең (Қабдолов, 1992; 332). Дәл осы кезеңдерге балай отырып, оқушылардың шығармашылығын да үш сатыға жіктеп қарастыруға болады: талдап үйрену, сынап бағалау, өз шешімін ұсыну. Аталған сатылар оқушылардың шығармашылығының даму кезеңдерін нақтылай түседі: білім алушылар, алдымен, шешен сөз үлгілерінің мақсаты мен мазмұнына

қарай түрлерін анықтап, мақсат-міндеттері мен тілдік ерекшеліктерін айқындаса (аналитикалық ойлау), кейіннен ашық сұрақтар көмегімен қисынды шешімдерге баға береді (сыни ойлау) және өз шешімін ұсынады (шығармашылық ойлау), байымдама жазады, шешен сөздің қыздырма бөлігін дайындап көреді (шығармашылық). Нәтижесінде білім алушылар мәтіндерді талдаумен қатар, кез келген көзқарасты бағамдауды, өз шешімін ұсынуды, ұсынбасын жүйелі жазып, қисынды жеткізуді меңгереді.

Ескере кететін жайт, мақалдардың білім алушылардың көзқарасын қалыптастыруға әсерін, тиісті тақырып бойынша өз көзқарасын білдіруге көмегін әрі олардың шығармашылығына ықпалын жеке түрде зерттеу қажет.

Қорытынды

Бәсекелестік белең алған бір кезеңде еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде оқитын жеткіншектердің шығармашыл тұлға болып қалыптасуы үшін олардың сыни, шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту өте маңызды. Аталған дағдыларды дамытудың бір жолы ретінде шешендік өнердің теориясын, нақтылап айтқанда, шешен сөздің А.Байтұрсынұлы тұжырымдаған бес түрі жайында – саясат шешен сөзі, қошемет шешен сөзі, білімір шешен сөзі, соттағы шешен сөз және уағыз – сабақ жүргізіп, қажетті білімді оқушыларға меңгерту қажет болмақ.

Сондықтан А. Байтұрсынұлы мен М. Ахетов тұжырымдары негізінде шешен сөздің бес түріне байланысты сабақтың теориялық бөлігі дайындалды. Сабақтың практикалық бөлігі жоғарыда тілге тиек етілген дағдыларды дамыту мақсатында тиісті ұстанымдар ескеріліп құрастырылған жаттығуларды қамтыды.

Шешен сөздің бес түрі бойынша әзірленген сабақтардың тиімділігі іс-әрекеттерді зерттеу әдіснамасы бойынша зерттеліп, оң нәтижеге қол жеткізілді. Жеткіншек білім алушылар шешен сөздің мақсаты мен мазмұнына қарай түрлерін танып біліп қана қоймай, шешен сөздің үлгілерінде, мақалдарда көрініс тапқан сыни көзқарастың, қисынды ойлаудың, жүйелі сөйлеудің, тұжырымды түйіндеудің мысалдарын талдады, маңызды шешімдерді бағалаумен қатар, өзінің шығармашылық шешімін ұсынуға тырысты, ұсынбасын дәлелдеуге, мысалдауға, қорытындылауға машықтанды.

Шешендік өнер – рухани құндылықтардың, түрлі әдістерді өз ішіне алған шығармашылықтың қазынасы. Сол себепті шешендік өнердің

теориясы (шешен сөздің түрлері), шешен сөз үлгілері, мақалдар жеткіншек білім алушыға оның күнделік өміріне, маңызды санаған құндылығына қажетті болған біліммен бірге шығармашылығын дамытудың тиімді тетіктерін ұсына алады.

жазды; Г.Г. Ибрагимов деректерді жинақтап, өңдеді; Ж.Д. Абдуллаева талдау нәтижелерін тексеріп, көрнекі материалдар дайындады; А.С. Нуржанова мәтінді редакциялау және толықтыруға қатысты.

Мақала авторларының үлесі

А.П. Мынбаева зерттеу тұжырымдамасын әзірледі және мақаланың бастапқы нұсқасын

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Байтұрсынұлы, А. (2003). *Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер*. Атамұра.
- Ахетов, М. (2024). *Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика* (Үш томдық, Т. 2). «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хат. (2025). Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА.
- Ibragimov, G., Mynbaeva, A., & Saparbaeva, Q. (2025). The psycho-pedagogical aspects of teaching of rhetoric in grades 8–9 of a secondary school. *Pedagogy and Psychology*, 61(4), 58–67. <https://doi.org/10.51889/2960-1649.2024.61.4.007>
- Kaufman, J. C., & Sternberg, R. J. (Eds.). (2019). *The Cambridge handbook of creativity*. Cambridge University Press.
- Көшекбаева, А. А. (2015). *Шешендік өнер: Студенттерге арналған оқу құралы*. Қыздар университеті.
- Ибрагимов, Г., Мынбаева, А., & Сапарбаева, Қ. (2024). Шешендік өнер негізінде білім алушылардың эссе жазу дағдыларын дамыту. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 411(5), 62–78. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.826>
- Шормақова, Ш. М. (2013). *Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасы: оқу құралы*.
- Дәдебаев, Ж. (2016). *Шешендік өнер теориясының негіздері: монография*. Қазақ университеті.
- Malikova, A. M., Imanzhusyp, R., & Rakimzanova, S. K. (2023). Cultural and value concepts in oratory. *Bulletin of the L. N. Gumilyov ENU. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series*, 142(1), 211–224. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-211-224>
- Ахетов, М. (2024). *Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика* (Үш томдық, Т. 3).
- Дәулетбекова, Ж., Рай, Қ., & Есмағанбетова, Ш. (2011). *Қазақ тілі: Сөз мәдениеті және шешендік* (Өнд., толық. 2-бас.). Мектеп.
- Қосымова, Г. (2011). *Қазақ тілі: Шешендік өнер* (Өнд., толық. 2-бас.). Мектеп.
- Қапалбек, Б., Ерхожина, Ж., & Жолшаева, М. (2020). *Қазақ тілі* (Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық). Мектеп.
- Адамбаев, Б. (2014). *Қазақтың шешендік сөздері* (А. Адамбаев, Құраст., толықт., өнд.). Ана тілі.
- Төреқұл, Н. (2006). *Даланың дара ділмарлары*. «Қазақстан».
- Құнанбайұлы, А. (2020а). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы* (Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар). Жазушы.
- Құнанбайұлы, А. (2020б). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы* (Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қарасөздер). Жазушы.
- Kampylis, P., & Berki, E. (2014). *Nurturing creative thinking* (pp. 1–28). International Academy of Education.
- Barnes, B., & Payette, P. (2017). Socratic questioning. *The National Teaching & Learning Forum*, 26(6), 1–12.
- Paul, R., & Elder, L. (2019). *The thinker's guide to Socratic questioning*. Bloomsbury Publishing PLC.
- Сериқова, Б. (2017). *Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи оқыту: теория және тәжірибе*. Нұрлы бейне.
- Қабдолов, З. (1992). *Сөз өнері*. Қазақ университеті.

References

- Adambayev, B. (2014). *Qazaqtyn sheshendik sozderi* [Kazakh oratorical speeches]. Ana tili. (In Kazakh)
- Adistemelik-nusqau khat. (2025). *2025–2026 oqu zhylynda Qazaqstan Respublikasynyn zhalpy bilim беретін мектептерінде bilim беру protsesin uymdastyrudyn erekshelekteri turaly adistemelik-nusqau khat* [Methodological guidance letter on organizing the educational process in general education schools of the Republic of Kazakhstan in the 2025–2026 academic year]. Y. Altynsarin atyndaghy UBA. (In Kazakh)
- Akhetov, M. Q. (2024). *Qazaqtyn sheshendik oneri. Genezis. Tipologiya. Poetika* [Kazakh oratory: Genesis, typology, poetics] (Ush tomdyq; Vol. 2). Qazyna. (In Kazakh)
- Akhetov, M. Q. (2024). *Qazaqtyn sheshendik oneri. Genezis. Tipologiya. Poetika* [Kazakh oratory: Genesis, typology, poetics] (Ush tomdyq; Vol. 3). Qazyna. (In Kazakh)
- Baitursynov, A. (2003). *Adebiyet tanytqysh. Zertteu men olender* [Introducing literature: Studies and poems]. Atamura. (In Kazakh)
- Barnes, B., & Payette, P. (2017). Socratic questioning. *The National Teaching & Learning Forum*, 26(6), 1–12.

- Dadebaev, Z. (2016). *Sheshendik oner teoriiasynyn negizderi: Monografiia* [Fundamentals of the theory of oratory: A monograph]. Qazaq universiteti. (In Kazakh)
- Dauletbekova, Zh., Rai, Q., & Yesmaghanbetova, Sh. (2011). *Qazaq tili: Soz madenieti zhane sheshendik* [Kazakh language: Speech culture and oratory]. Mektep. (In Kazakh)
- Ibragimov, G., Mynbaeva, A., & Saparbaeva, Q. (2024). Development of essay writing skills of pupils based on the art of rhetoric. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 411(5), 62–78. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.826> (In Kazakh)
- Ibragimov, G., Mynbaeva, A., & Saparbaeva, Q. (2025). The psycho-pedagogical aspects of teaching of rhetoric in grades 8–9 of a secondary school. *Pedagogy and Psychology*, 61(4), 58–67. <https://doi.org/10.51889/2960-1649.2024.61.4.007>
- Kampylis, P., & Berki, E. (2014). *Nurturing creative thinking* (pp. 1–28). International Academy of Education.
- Kaufman, J. C., & Sternberg, R. J. (Eds.). (2019). *The Cambridge handbook of creativity*. Cambridge University Press.
- Koshekova, A. A. (2015). *Sheshendik oner* [The art of oratory]. Qyzdar universiteti. (In Kazakh)
- Malikova, A. M., Imanzhussyp, R., & Rakimzanova, S. K. (2023). Cultural and value concepts in oratory. *Bulletin of the L. N. Gumilyov ENU. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series*, 142(1), 211–224. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-211-224>
- Paul, R., & Elder, L. (2019). *The thinker's guide to Socratic questioning*. Bloomsbury Publishing PLC.
- Qabdolov, Z. (1992). *Soz oneri* [The art of the word]. Qazaq universiteti. (In Kazakh)
- Qapalbek, B., Erkhodzina, Zh., & Zholsheyeva, M. (2020). *Qazaq tili* [Kazakh language]. Mektep. (In Kazakh)
- Qosymova, G. (2011). *Qazaq tili: Sheshendik oner* [Kazakh language: Oratory]. Mektep. (In Kazakh)
- Qunanbaiuly, A. (2020a). *Shygharmalarynyn eki tomdyq tolyq zhyinaghy* [Complete works in two volumes] (Vol. 1). Zhazushy. (In Kazakh)
- Qunanbaiuly, A. (2020b). *Shygharmalarynyn eki tomdyq tolyq zhyinaghy* [Complete works in two volumes] (Vol. 2). Zhazushy. (In Kazakh)
- Serikova, B. (2017). *Qazaq tili men adabietin zamanauiy oqytu: teoriia zhane tazhiribe* [Modern teaching of Kazakh language and literature: Theory and practice]. Nurly beine. (In Kazakh)
- Shormaqova, Sh. M. (2013). *Qazaq sheshenderinin shygharmashylyq tulgasy* [The creative personality of Kazakh orators]. Taraz. (In Kazakh)
- Toregul, N. (2006). *Dalanyn dara dilmarlary* [Outstanding orators of the steppe]. Qazaqstan. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

- Мынбаева Ақбілек Пазылханқызы (корреспондент-автор) – PhD, доцент м.а., О. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент, Қазақстан, e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com).
- Ибрагимов Ғанишер Ғұлямұлы – PhD докторант, О. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент, Қазақстан, e-mail: iggd7@mail.ru).
- Абдуллаева Жазира Дайрабаевна – PhD, «Ташенев» университеті, (Шымкент, Қазақстан, e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com).
- Нуржанова Асия Сарғалиевна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ (Астана, Қазақстан, e-mail: nursar_66@mail.ru).

Information about authors:

- Mynbaeva Akbilek Pazykhankyzy (corresponding author) – PhD, acting docent, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com).
- Ibragimov Ganisher Gulyamovich – doctoral student, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: iggd7@mail.ru).
- Abdullayeva Zhazira Dairabayevna – PhD, Tashenev University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com).
- Nurzhanova Assiya Sargaliyevna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University (Astana, Kazakhstan, e-mail: nursar_66@mail.ru).

Сведения об авторах:

- Мынбаева Акбилек Пазылхановна (автор-корреспондент) – PhD, и.о. доцента, Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова (Шымкент, Казахстан, e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com).
- Ибрагимов Ганишер Гулямович – PhD докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова (Шымкент, Казахстан, e-mail: iggd7@mail.ru).
- Абдуллаева Жазира Дайрабаевна – PhD, Университет имени Ташенева (Шымкент, Казахстан, e-mail: akbilek.mynbayeva@gmail.com).
- Нуржанова Асия Сарғалиевна – кандидат филологических наук, доцент, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина (Астана, Казахстан, e-mail: nursar_66@mail.ru).

Келін түсті: 19 қыркүйек 2025 жыл
Қабылданды: 14 наурыз 2026 жыл